

ӘОЖ 330.3: 61

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕСТІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Бисенов А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

2020 жыл әлемдік тарихымызда өз әсерін қалдыратыны сөзсіз. Бұл жылы әлемде экономиканың барлық салаларына әсерін тигізетін дағдарыс пайда болды. Әлемнің үлкен алпауыт мемлекеттердің өзі рецессияға түсу қаупі бар. Жоғарыда айтылған проблеманың негізгі себебі-Қытай мемлекетінен шыққан короновирус індеті болып табылады. Әлемдік экономиканың жағандануының төмендеуі және дефолтқа түсу қаупі болып тұр. COVID-19 пандемиясы әлемдік қауымдастық үшін үлкен соққы болды және әлемнің көптеген елдерінің экономикасында күрт құлдырауға әкелді. Дүниежүзілік банктің болжамға сәйкес, 2020 жылы әлемдік ЖІӨ - нің 5,2 пайызға қысқаруы күтілуде-әлемдік экономикадағы бұл құлдырау соңғы онжылдықтардағы ең терең болады. Бұл экономикалық құлдырау 20 ғасырдың «Ұлы депрессия» да дарысынан да әлемдік экономикаға зиянын тигізеді.

Нарықтық экономикасы қалыптасып келе жатқан және де дамушы елдердің көпшілігінде осы жылы халықтың жан басына шаққандағы табысы, экономикалық белсенділік, өндіріс, сұранысы, ұсынысы айтарлықтай төмендейді. Короновирус дағдарысы ең алдымен офлайн бизнеске ол дегеніміз адамдардың тығыз байланыс қажет ететін салаларға әсер етті. Бірінші мысал ретінде айтатын болсам туризм саласы, әуе компаниялары жатқызуға болады. Өйткені елдердің карантин режимін енгізуге байланысты елдерге келуі және елдерден кетуі қиынға соғып жатыр. Аналитиктердің айтуы бойынша

туризм саласындағы көптеген компаниялары банкротқа ұшыруда. 50 миллионға жуық адам жұмыссыз қалды.

Туризм саласы өте ірі салалардың бірі болып табылады. Туризм саласында мультипликативтік әсерінен мейрамханалар, дүкендер, қызмет көрсету, әуе компаниялары, қонақ үйлер банкротқа ұшырып жатыр. Алайда вирус туризм саласын трансформациялауға қажет етеді. Мысал ретінде Португалдық Vila Gale қонақ үй желісі қазірдің өзінде бұрын болған “шведский стол” режимнен бас тартып, қонақтарға тамақты мәзірмен таңдауға ұсына алады. Ол дегеніміз официанттар тамақты өздері әкеліп қояды және де көптеген мейрамханалар адам отыратын үстелдерге арнайы жабық кабинкалар қойып адамдарды оқшаулайды. Коронавирус індеті қоғамдық тамақтану саласына оның ішінде (кафе, фаст-фуд) айтарлықтай соққы берді. Бірақ осыған байланысты елдерде қоғамдық тамақтануға сұраныс төмендеп, керісінше тамақты курьер арқылы жеткізу саласы оң көрініс тапты. Адамдар үйден шықпай-ақ онлайн қосымшалар арқылы әртүрлі тамаққа тапсырыс бере алады. Мысалға “Яндекс Еда”, “Wolt”, “Chocofood” компаниялардың қызметіне сұраныс өсе бастады. Соған мысал ретінде де Азық-түлік дүкендерден және дәріханалардан тауарларды жеткізу сұранысы да өсті.

Әуе саласына келетін болсақ, коронавирус індеті бұл салаға да зардабын тигізді. Карантин режимін енгізген кезде әлемде жолаушылардың легі күрт төмендеді. Әлемдегі ең ірі компаниялардың өзінде банкротқа ұшырады. Коронавирустық пандемияға байланысты бүкіл әлем бойынша әуе тасымалдаушылары ұшақтардың үштен екісін жұмысын тоқтатты. Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) директордың айтуынша бұл шамамен 14500 ұшақ. Егер әрбір осындай лайнер кемінде бес түрлі экипажға қызмет көрсететінін ескеретін болсақ, онда 70 мыңнан астам ұшқыш және 150 мыңға жуық стюардессалар уақытша жұмыссыз болып шықты. Осылайша тек экипажға жалақыларды төлеу үшін ай сайын компаниялар 1,5 миллиард доллар жұмсау керек. Бірақта көптеген компанияларда осындай қаражат жоқ. Сондықтан да әуе компаниялары өз қызметкерлерін демалысқа жіберіп немесе мүлдем жұмысшыларды қысқарады.

Еуропаның ең ірі лоукостері-ирландиялық Ryanair басшылығы осылай жасады. Көптеген сарапшылардың айтуынша халықаралық әуе қатынастар біртіндеп қалпына келу күзден бастайды. Алайда бұл пандемияға дейінгі кезенге тең болмайды. Әрине сұраныс төмен болады. Осылайша, алыс қашықтыққа орындалатын трансконтинентальдық рейстер саны азаятыны сөзсіз. Демек, нарықтан сыйымдылығы үлкен төрт қозғалтқышты – Airbus A-340, A-380 және Boeing 747 кең фюзеляжды лайнерлері шығады. Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер өздерінің әуе тасымалдаушыларына қаржылық көмек мөлшерін әлі жариялаған жоқ. Ерекшеліктер тек кейбір араб монархиялары, Сингапур, Қытай, Ресей және АҚШ елдерде бар. Сонымен, АҚШ Қаржы министрлігінің басшысы Стивен Мнучиннің айтуынша, АҚШ қаржы министрлігі жалақы төлеу үшін американдық авиакомпанияларға 2,9 миллиард доллар аударған. Бұл қаражатты барлығы 56 авиакомпания, соның ішінде United Airlines және American Airlines сияқты алыптар алды. Елдерге әуе компанияларды қолдау үшін қаржылық жағдаймен қатар салықтардан босату керек, өйткені әуе саласын банкроттан

шығару үшін оған айтарлықтай көп қаражат керек. Біздің ойымызша әуе қатынасына көмек көрсеткенде әлемде адамдар көбірек қатына бастайды. Ол өз кезегінде экономикалық белсенділікке әкеледі, яғни тұтыну өсіп сонымен ұсыныс өседі. Жалпы экономикалық белсенділік туралы айтатын болсам, карантин режимі кезінде адамдар оқшауланды. Алайда адамдарға күнделікті тұтынуы қажет, елдерде базарлар, сауда-ойын сауық кешендерінің жабылуына байланысты әлемде online-сауда қарқынды дами бастады. Мысал ретінде Forbs рейтингі бойынша әлемнің ең бай Джефф Безостың Amazon компаниясы таза пайдасы бір жыл ішінде 5,2 миллиард долларға дейін өсті. Бұдан көріп отырғанымыздай әлемде IT-инфрақұрылымға сұраныс барлық салаларда өсіп жатыр.

Көптеген компаниялар өз жұмысшыларды оқшауланған жұмысқа көшірді, әлемде 1 миллиардтан астам оқушылар қашықтықтан оқуға бел буды. Дүниежүзілік банк сарапшылардың айтуынша бұл да үлкен проблемаға айналып отыр. Бұл адами капиталдың дамуына кедергі келтіріп тұр. Ұзақмерзімді экономикада қарастыратын болсақ бұл әлемдік экономикаға үлкен зиянын әкелуі мүмкін. Өйткені қазіргі оқып жатқан процессті бұрынғыдай болған оқу процесімен салыстыруға болмайды. Бұл да ғылыми процессті, адам даму индексіне тежеп қана қоймай экономиканың барлық салаларына зиянын тигізу мүмкін. Енді Коронавирус дағдарысы Қазақстанға тигізетін әсері туралы айтатын болсам. Біріншіден біздің ел шикізаттық бағытқа бағытталған экономика болғандықтан елдің дағдарысқа ұшырауы әрқашанда жоғары. Мысал ретінде пандемияға байланысты әлемде мұнайға сұраныс күрт төмендеді, BRENT маркаларына баға құлады. Елімізде экономикалық проблемалар өсе түсті. Елімізде карантин режимін енгізгенге байланысты Шағын және орта бизнес қиыншылықтарға тап болды. Жұмыссыздық өсе бастады, банктерде белсенділік төмендеді. Коронавирус індеті елімізде қандай проблемалар бар екенін көрсетті. Оларға медицина саласындағы тозуы, IT-инфрақұрылымның төмен деңгейде болуы, импортқа тәуелділік, жемқорлық мәселелері. Үкімет ел экономикасын жандану үшін бірқатар инструменттер қолданды. ШОБ салықтан босату, карантинге байланысты табыстан айырылған адамдарға ақшалай көмек және де ел президентіміз өзінің жолдауында экономикалық өсуге жету үшін бірқатар бағдарламаларды айтты. Олардың ішінде маған ұнағандары ол «Жасыл экономика» энергияны шикізаттық бағыттан бас тартып жасыл экономикаға көшу, келесі ол республикалық маңызы бар 24 мың км жолдарды қалпына келтіру. Өйткені еліміз географиялық орнынан үлкен болуына байланысты логистика және жол инфраструктурасы экономикаға маңызыды менің ойымша. Жол экономикада адамның денесіндегі қан сияқты, өйткені ол қосымша жұмыс орындар және халықтың елде кедергісіз жүруі елде экономикалық белсенділікке әкеледі және логистиканы дамытады. Бұл бағдарлама АҚШ президентінің болған Рузвельттің Американы Ұлы депрессиядан шығару бағдарламен ұқсас.

Коронавирус пандемиясының әлемдік экономикаға тигізетін әсерді талдау үшін – негативті процесстермен қоса, позитивті мүмкіндіктерін де айту керек. 2019 жылғы пандемия мен 1918 жылғы «испан гриппы» пандемиясы арасындағы экономикалық параллельді анықтау барысында, келесі болжамға келуге болады.

Пандемия – индустриалық революция қарқынын үдететін, ғылыми-техникалық прогресстің жаңа сатысына жетелеу уақытын азайтатын сыртқы күш болады. 1918-1920 жылдары көмірден, механикалық энергияны көп қажет ететін бу машиналарынан бас тартып, әлемдік экономикада көк мұхит стратегиясының көрінісі өтті. Көк мұхит стратегиясы деген – 21 ғасырда қалыптасқан кәсіпкерліктің жаңа идеясы, идея мақсаты – қазіргі нарықта бар бәсекелестермен конкуренцияға түсуден бас тартып, нарықтың жаңа түрлерін қалыптастыруға бағыт алу. 1920-жылдардан кейін АҚШ-та мұнай өндіру бойынша Рокфеллер, автомобиль шығару бойынша Форд, Жапонияда электротехника бойынша Мацуситаның Panasonic секілді жоғары технологиялық әрі инновациялық өнімдері нарыққа шығарыла бастады. 2-ші индустриалық кезең орнап, 3-ші индустриалық кезеңге алғашқы қадамдар жасалына басталды. Көмірдің экология мен келешек экономикаға залалын ескеріп, экологиялық таза атом энергиясын қолдану дами бастады. Қазіргі коронавирус пандемиясы 4-ші индустриалық революция талап ететін жаңа бағыттар: биоинженерия, нанотехнология, ядролы физика, IT-технологиялар – экономикалық дамудың негізіне айналуы тиіс. Шикізаттық отын-энергетика экология мен экономикадағы адам капиталына зиян екенін ескеріп, мұнай дәуірі аяқталуының көріп отырмыз.

Күн, жел, гидро-электростанциялар дәуірі алғашқы үлкен қадамдарын жасап жатыр. Механикалық немесе физикалық күштің орнына цифрлық технологиялар, есептеу мен анықтау жүйесінен адамның креативті, стандартты емес ойлау тәртібі бірінші кезекке шығып отыр. Коронавирус инфекциясы әлем экономикасының даму бағытын айқын көрсетті және сол арнаға қарай көңіл аударуға бет бұрды. Жалпы ойымды қорытындылай келе, келесі тұжырымға келдім. Коронавирус пандемиясы әлем экономикасын үлкен дағдарысқа ұшырататыны сөзсіз. Бүгінгі күннің өзінде көптеген бизнес өкілдері өз шығындарын өтей алмай, ал қарапайым халық өз табыстарынан азайғанын байқап отыр. Бұл мәселеде қиыншылықтар әлі алда, дегенмен «испан гриппы» пандемиясынан кейін экономика мен ғылымның күрт дамуы белең алса, тура сондай жағдаяттармен берілген қазіргі ситуацияда, сәйкесінше ғылыми-техникалық даму міндетті түрде орын алады. Әлем елдері эволюциялық жолмен қанша дамығысы келсе де, осындай кенеттен тыс ғылыми немесе табиғи революциясыз болмайтынын қайта есіне салды. Мемлекет, саясат, шаруашылық, адам эволюциямен технологиямен дамуы керек, бірақ ғылым мен индустрияда революция ауадай қажет процесс. Саяси тұрғыдан Октябрь революциясы ешбір елге пайда алып келмейді, алайда индустриалық революцияны қолға алып, пандемиялық немесе басқа да төтенше жағдайларда қоршаған ортаға тез бейімделу – заман талабы болып табылады. Коронавирус пандемиясы «испан пандемиясы» секілді көп миллион адамды мерт қыла қоймас, өйткені қазіргі медицина мен өткен ғасырдың медицинасымен салыстыруға болмайды, дегенмен бұл індетпен адамзат мәңгілік өмір сүретін болады, алайда бұл вирус біздің өмірімізді өзгертетін нәрсе. Әлем экономикасы бұл проблеманы да жеңеді, дамудың келесі деңгейге көшеді. Осы жағдайды пайдаланып, әлемдік экономика өзінің ең негізгі жолдарын тандап алу қажет. Су сияқты әр тесікке бейімделу керек. Адам баласы әр заман талабына бейімделу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. [URL]: [электрондық ресурс] <https://avianews.info/vliyanie-koronavirusa-na-aviakompanii-v-tsifrah/>
2. [URL]: [электрондық ресурс] <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2020/06/02/countries-can-take-steps-now-to-speed-recovery-from-covid-19>